

## ҚОҒАМ

### МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕ БІЛЕДІ

Қазақстандықтардың медиация туралы не білетіндігі туралы әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелерін ұсынамыз.

Қазақстанда «Медиация туралы» Заң 2011 жылдың 5 тамызында күшке енді. «Медиация» термині латынның «mediare» деген сөзінен шыққан, яғни аралыққа жүруді білдіреді.

Әр түрлі қақтығыстарға қатысушылар арасындағы көптеген даулар мен келіспеушіліктерді сотқа дейін медиацияның көмегімен шешуге болады. Медиацияның сот ісін жүргізуге қарағанда артықшылығы - уақыт пен ақшаны айтарлықтай үнемдеу, сондай-ақ жеке процедураның құпиялылығында.


Дауды шешудің бұл түрі бүгінде бүкіл әлемде кең таралған түрлердің бірі болып табылады. Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40% медиациялық рәсімінен өтеді, олардың 85% оң нәтижелерге қол жеткізді.

Ал қазақстандықтар медиация туралы не біледі?

Әлеуметтанулық сауалнамаға сот жүйесімен тікелей немесе жанама өзара әрекеттесу тәжірибесі бар респонденттер қатысты. Қазақстандықтардың сотқа жүгінуіне әкімшілік құқық бұзушылықтар, әртүрлі сипаттағы даулар, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар себеп болды.

Осы сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің **15,9%-ы медиаторлардың қызметтерін пайдаланып үлгерген**, ал болашақта азаматтық даулар немесе қылмыстық құқық бұзушылықтармен қақтығыс жағдайында, олар қақтығыстарды шешудің осы түрін таңдайды.

Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы **(45,3%) дауларды медиациялық шешу әдісі туралы ештеңе білмейді**.



1-сурет. Азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа дауларды шешу үшін сотқа дейінгі медиацияны, сондай-ақ кіші және орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша татуласу шараларын қолдану мүмкіндігі туралы білесіз бе?

Сауалнама кезінде респонденттердің басым бөлігі қажет болған жағдайда, дауды шешу үшін сотқа жүгінуді қалайтындар – 46,8%.



2-сурет. Азаматтық дау немесе қылмыстық құқық бұзушылықтармен кездескен жағдайда Сіз жанжалды шешудің қандай түрін таңдайсыз?

#### Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 53 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 1200 респондент. Статистикалық қателік 2,95%-дан аспайды. Өткізілу мерзімі – қыркүйек 2019 ж.